апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 51/436
25 декабря 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

# ЖАҢА 2016 ЖЫЛМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ !

### Құрметті әріптестер, қала тұрғындары және қала қонақтары!

Сіздерді келе жатқан **Жаңа 2016 жылмен** құттықтаймыз!

**Жаңа Жыл** – қашанда әр адамның жүрегіне **жаңа** үміттер мен аппақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол создыратын ең сүйікті мерекеміз. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, **Жаңа** жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды. **Елімізде ырыс-береке, мемлекетімізде бейбітшілік пен келісім болсын. Жаңа жыл барлығыңызға тек қана жаңа қуаныш, жаңа бақыт, жаңа табыс алып келсін!** *Жаңа жыл тың шығармашылық ойлар, биік кәсіби жетістіктер, керемет оң өзгерістер мен қуанышты оқиғалар, тамаша бастамалар мен оң шешімдер жылы болсын!* Ортақ шаңырағымыздың жарқын келешегі үшін еңбектеніп жүрген барша қазақстандықтарымызға бейбіт өмір, **зор денсаулық, жарқын болашаққа сенімділік тілейміз.**

**Құрметпен;**
**Қала әкімі Қ.Камзин**
**Мәслихат хатшысы Б.Сәрсембеков**

### Құрметті қала тұрғындары ! Құрметті газетіміздің оқырмандары !

Сіздерді «Приозёрский вестник» газетінің редакциясы атынан жаңа 2016 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жылда мақсаттарыңыз орындалып, арман-үміттеріңіз ақталсын! Еліміз аман болып, әлемдік дағдарыстан мүдірмей өтейік! Сіздерге зор денсаулық, молшылық пен бақыт тілеймін!

Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, жаңа мешін жыл,
Бізге құтты жол болсын!

**«Приозёрский вестник» газетінің бас редакторы**
**Б. Кенжебеков**

### ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Уақыт ағынымен зулап жататын әрбір жыл – ғасырдың бір тамшысы ғана. Кеше ғана жаңа ғасырды бастағандай едік, байқасаңыздар, міне, бір ғасырдың алтыдан бір бөлшегін артта қалдырып барамыз. Жалпы қазақ елінің, Приозерск қаласы тұрғындарының да өткен жылға өкпесі жоқ деп ойлаймын. Себебі, қой жылында қаншама тарих сахнасында алтын әріппен жазылып қалатындай елеулі оқиғаларға куә болдық. Ең бастысы, еліміз және әлем үшін маңызды болған үлкен мерейлі мерекелерге толы жыл болды. Біз оның бәрін бір кісідей, жақсы нәтижелермен атап өттік. Жеткен жетістіктеріміз өз алдына бір төбе!

Құрметті приозерскілік сайлаушыларым! Сіздерді кіріп келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Адам баласы әрбір атар таңнан жақсы үміт күтетіні секілді, Жаңа жылдан ерекше жақсылықтар, жетістіктер, жеңістер, елдің амандығы мен тыныштығын күтеді. Келетін мешін жылы Сіздер үшін де молшылыққа, ырыс пен берекеге, ауызбірлік пен ынтымаққа, байлық пен жеміске толы болсын! Әрбір шыңырақтың іші бала-шағаға, қуаныш-шаттыққа толып, бастарыңыз көбейсін! Жаңа жылда тек жақсылықтармен жолығуға жазсын!

**Амандық Жұмаханұлы СЕРІКОВ,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты**

# ПОЗДРАВЛЯЕМ С НОВЫМ 2016 ГОДОМ !

### Уважаемые коллеги, жители города и гости нашего города!

Поздравляем от всего сердца вас с наступающим **Новым 2016 годом**!

Пусть следующий год станет для вас вестником счастья, радости и достижения желанных целей. Отмечайте этот славный праздник в кругу близких и любимых людей, забудьте о заботах и неприятностях, вступайте в Новый год с улыбкой и замечательным настроением! Пусть радость, счастье и удача идут с вами рядом по жизни! Пусть ваши души не мелеют, карманы не пустеют, а столы всегда будут по праздничному переполнены! Пусть сбудутся ваши заветные мечты и надежды на лучшее! Пусть в Новом году у Вас будет больше приятных дней, а проблемы останутся в прошлом!

Желаем вдохновения, творческих успехов и достижений в труде!

**С уважением:**
**Аким города К.Камзин**
**Секретарь маслихата Б.Сарсембеков**

### Уважаемые жители города ! Уважаемые читатели нашей газеты !

От имени редакции газеты «Приозёрский вестник» сердечно поздравляю вас с новым 2016 годом ! Всем желаем благополучия и успеха, пусть ваши семьи не покидает любовь и взаимопонимание, счастье и здоровье!

Год Обезьяны – год добра,
Пускай в нём будет всё сполна,
Море смеха мы желаем,
С Новым годом поздравляем!

**Главный редактор газеты «Приозёрский вестник»**
**Б. Кенжебеков**

### ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа жыл кіріп келеді,
Есіктен ертең енеді.
Қой жылы шығып барады,
Мешіннің шығып дерегі.

Жаңа бір ойлар өрелі,
Жаңа бір үміт береді.
Пешенесіне жазғанын,
Бұйыртса пенде көреді.

Жаңа жыл деген – жаңа үміт,
Айналып келер жаңарып.
Мешіннен-дағы күтеміз,
Жағымды, жақсы жаңалық.

Бар әлем жатар жаңарып,
Береке, ырыс, жаңа құт.
Дөңгелек жерден басталып,
Ғаламға жатар таралып.

Жарқырай түсіп Ай-Күні,
Елімнің артар айбыны.
Қуаныш жайлап маңайды,
Ұмытсын адам қайғыны.

Малынып майға майлығы,
Әр үйдің артсын байлығы!
Өткенге сірә, өкпе жоқ,
Қой жылы – болды той жылы.

Сауығып саулық, санамыз,
Жақындай түссін арамыз.
Бірліктің түбі – береке,
Осыдан бақыт табамыз.

Қырынан келмей қара күз,
Жазылсын тыртық, жарамыз.
Жақсы сөз – жарым ырыс қой,
Жақсылық тілеп қаламыз!

Төзейік дауыл, жауынға,
Мықтылық берсін Тау-ұлға.
Жаңа жыл құтты болсыншы,
Үздіге күткен қауымға!..

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

# ГАЗЕТ ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

## *Газет – халықтың көзі, құлағы және тілі*

*Ассалаумағалейкүм, көзі – қарақты, сөзі – салмақты газет оқырмандары! Кеше ғана басталғандай болған қой жылының аяқталып қалғанын сезбей де қалғандаймыз. Дәуір көшіне ілескен жылдар жылжып өте берер, бірақ аталмыш уақыттан тарих қойнауына қаншама дүниелер мен естеліктер, болашақ ұрпақ қажет кезінде ақтарып қарап, өздеріне ғибрат алар дүниелер қалғанын дәл осы кезде өзіміз де сезе бермейміз. Биылғы жылды аяқтай отырып, қала оқырмандарының көзайымына айналған «Приозерский вестник» газеті үстіміздегі атқарған жұмыстарына бір талдау жасап, есеп беріп, келер жылға жаңа идеялармен аяқ басуды жөн санады.*

Өтіп бара жатқан жылдың басты оқиғасы – ол елімізде бірнеше маңызды мерейтойлардың қатар аталып өтілгені баршамызға белгілі. Олар – Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Атазаңымыздың 20 жылдық, Ұлы Жеңістің 70 жылдық, қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдық мерейтойлары болатын. Мұндай атаулы даталар жайында мақалалар, очерктер және сұқбаттарды үздіксіз жариялап тұруды газет алдына мақсат етіп қойды және оның үдесінен шыға алды.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мерекесіне орай оған қатысып, қасық қаны қалғанша жаумен жайқасып, Жеңіске үлес қосып оралған жандармен қатар сол майдан даласында оралмай қалған майдангер ата-әжелеріміз де газет көзінен қиыс қалмады. Мақала кейіпкерлерін іздеп табу оңай болған жоқ. Кейбір кісілер жайында деректер мен суреттер табу үшін өзге қалаларға хабарласып, олардың ұрпақтарымен байланысқа түсуге тура келді. Еңбегіміз еш кетпей, батыр аталарымыздың Ұлы Отан соғысы жылдарында көрсеткен ерліктері хақындағы деректерді келер ұрпаққа мұра етіп қалдыруға қолымыз жеткеніне қуанамыз.

Бұрын бізге тылсым дүние болып келген қазақ хандығының құрылуы мен өмір сүруі жайында деректер мен дәйектер іздестіру де оңайға түскен жоқ. Осынау мерейтойлардың аталып өтіп жатқандығы туралы ақпараттар мен репортаждар газеттің әрбір санында көрініс тауып, өз оқырмандарына жетіп отырды. Аталған мақалалар бүгін оқылып қана қойғанымен, ертеңгі күні ұрпақтарымыздың алдынан тарих болып шығарына шүбә жоқ. «Адамның артында жиған дүниесі емес, тасқа басылған дүниесі ғана қалады»- деген екен бір данышпан. Сол айтқандай, замандар өтісімен, бұл тасқа басылған материалдар ұрпақтарымыздың мол қадесіне жарайтыны анық.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев еңбек адамдарының атқарып жүрген жұмыстары мен еңбектерін баспасөз құралдары арқылы елге жариялып, мадақтап, үлгі етіп отыру қажет деп әрдайым айтып келеді. Газет ұжымы бұл мәселені басты назарда ұстап отырды. Жыл бойы шығып келе жатқан газеттің әрбір санына назар салып қараған адам бұның шындығына көзі жетер еді. Оның ішінде қаланың қоғамдық өмірінде қызмет етіп жүрген барша мамандық иелері мен кәсіп иелерінің және кәсіпкерлер өкілдерінің де қамтылуын қадағалап отырды. Басты мақсат – олардың өз саласындағы жетістіктері мен ерен еңбектерін көрсетіп, өзгелерге үлгі ету еді. Бұған қоса, мерейтойлары аталып өтетін ақын-жазушылар, өнер иелері, қоғамдық тұлғалар, қазақ елінің батыр-бағландары туралы мақалалар мен очерктерге газет беттерінен орын берілді.

Қаланың жаңалықтары, хабарлары, өткеріліп жатқан ісшаралар жайындағы ақпараттар және репортаждар газетіміздің тұрақты айдарына айналды. Бұл ретте қалада орналасқан Қазақстан және Ресей әскерилерінің өмірі мен қызметтері туралы ақпараттардың да назардан тыс қалмағанын айта кеткеніміз жөн. Газет – халықтың айнасы болғандықтан, қаладағы барлық саланы қамтуға, олардың тыныс-тіршілігімен оқырмандарды таныстырып отыруға көңіл бөлінді. Мектептер, балабақшалар, оларда білім алатын және тәрбиеленетін балалар өмірін де қамтып отыруға назар аударылды. Кішкентай өнер иелерінің жетістіктері мен жеңістері оқырмандарға мейлінше көрсетілді. Жас талант иелерінің мөлтек шығармалары жарияланып отырылды. Түптеп келгенде, осылардың бәрі әрбіріміздің өміріміз, тыныс-тіршілігіміз болатын. Халықтың көзі, құлағы және тілі болып табылатын газетіміздің бұндай ауқымды шаралардан тыс қалуы мүмкін еместін. Айлық, тоқсандық жоспар бойынша жұмыс атқара отырып, жоспардан тыс қаншама дүниелер жазылды.

Газет бетінде жарияланған мақала немесе ақпаратты көз жүгірте шолып өткенде, бәрі жеңіл көрінері сөзсіз. Алайда, осыншама дүниені жүзеге шығару үшін қаншама тер төгілгенін, қаншама еңбек жұмсалғанын бірен-саран жан болмаса, көпшілік қауым аңғара бермесі хақ. Қорыта айтқанда, газет ұжымы өтіп бара жатқан жылды алға қойған мақсаттарының үдесінен шыға қорытындылап отыр деуге толық негіз бар. Қала халқының тыныс-тіршілігін жариялап отыруды мақсат еткен газет ұжымы алдағы жылы да осы бетінен айнымай, жаңаша тыныспен, тың жаңалықтармен еңбек етуге тастүйін дайын. Балалардың құлағына жағымды жаңалық – мешін жылы жырлары жарамды жас ақындардың өлеңдерін топтама етіп жариялап, оқырмандарға арнайы айдармен таныстыруды мақсат етудеміз.

Сөз соңында, біздің оқырманымыз, бақылаушымыз және сыншымыз болған қала халқын Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз!

Сіздердің денсаулықтарыңыз мықты, көңілдеріңіз көтеріңкі, өмірлеріңіз қуаныш пен шаттыққа толы және отбасыларыңыз аман-сау болса, газет те қуанышты, қызметі де Сіздерге арнала бермек! Газает әрдайым Сіздермен бірге!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
***газеттің арнаулы тілшісі.***

*Мереке басталып та кетті*

# ЖАҢА ЖЫЛ ШЫРШАСЫ ШАМЫН ЖАҚТЫ

Өткен сәтті сәрсенбінің кешінде топ-топ бала-қандар, балаларын жетелеген қала тұрғындары қалалық алаңдағы құрылып біткен шырша маңына қарай ағылып жатты. Қай жылда да Жаңа жыл мейрамы балалар үшін қызықты думан – нағыз мереке саналады. Балалар үшін Жаңа жыл шыршасының алатын орны ерекше ғой. Олар әдеттегідей әр жылы өздерінің сүйікті Аяз аталары мен Қарша қызды қарсы алуға асығулы. Бұның себебі жоқ емес, әрине. Жаңа жылда балақандар түрлі тәттілерге де, ойыншықтар мен сыйлықтарға да қарық болады емес пе? Сол күні биылғы жылғы





шырша шамдарының алғашқы салтанатты жағылуының ашылуына балақандардың көптеп жиналуы, көңілді күйде болуы да сондықтан еді.

Межеленген уақытта Жаңа жылдық шыршаны жағу салтанатты рәсіміне арналған көңілді шара басталып та кетті. Биылғы мерекелік іссшараны өткізуге Саран қаласының өнерпаздары шақырылған екен. Бұл да балаларға нешақты қызықты болып, өзге қаланың ұйымдастыру мәнерінен үлгі алып қалу мақсатындағы ізгі ойдан туған шара болатын. Бүгінгі мерекелік шараның басты кейіпкерлері – Қыс ханшайымы, Аққала, Микки Маус, Аяз ата болды. Бірінші болып сахнаға көтерілген Қыс ханшайымы қаланың бас шыршасының ашылу салтанатындағы құттықтау сөзді «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаевке берді. Сөз алған Д.О.Дүйсембаев қала халқын, бүгінгі салтанатты рәсімге жиылғандар мен балаларды бас шыршаның ашылуымен және жақындап қалған Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

Бұдан әрі кеш кейіпкерлері жиналғандарды әсем әндермен, қызу билермен және түрлі тақырыптағы көңілді ойындармен тамаша-думанға бөледі. Оларға қосылып балалар да ойынды қыздыруға атсалысып, көңілді кештің сәнін кіргізді. Күннің салқын және жердің ылғалды болуы қызыққұмар балаларға кедергі бола алған жоқ. Осындай шат-шадыман көңіл-күймен, қызыққа толы кеш соңында барша жиылғандардың қатысуында, қызу қошеметпен Жаңа жылдық бас шыршаның шамы да жағылды. Енді оларға Жаңа жылды қарсы алудың ерекше және қуанышты мезгілі ғана қалды.

**Н.ӨТЕП**



*Қой жылының соңғы кейіпкері*

# КІТАПХАНАШЫ КЕНЖЕГҮЛ

Талдырмаш денелі, бидай реңді, кісімен үнемі жылыұшырай амандасып тұратын, мопмомақан жүзінен мейірім шуағы төгілген осынау келіншекті жас ақындардың жыр байқауларының бірінде сол кездегі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жұлдыз Дулатова таныстырған еді. Сол жыр байқауында ол да жас ақындарға қазылық етті. Кейіншелік те бірнеше осындай жыр бәйгелеріне біргелікте қазылық жасадық. Кітапты көп оқығанының пайдасы әрі мамандығына байланысты ғой, ол өзінің әдебиеттен мол хабардар екендігін көрсете білді. Таным-түсінігін, пайымын, өзіндік ой-пікірін байқатқан. Газеттің қой жылындағы соңғы санына соңғы кейіпкер болып қатысып отырған аталмыш жан – қалалық кітапханадағы балалар бөлімінің кітапханашысы Кенжегүл Тұяққызы Құрманбекова болатын.

Кенжегүл ән мен өнердің ошағы саналатын Ақтоғай ауданында 1984-жылы көп балалы отбасында дүниеге келген. Әкеден ерте айрылған балаларын анасы Қауаш өсіріп, жетілдіріп-тәрбиелеген. Ата-ананың міндетін жалғыз атқарып, тағдыр салмағын қос иығымен көтеріп жүрген анасының халін ол жас та болса сезініп өсті. Анасына қоғабыс ете жүріп, әдеби кітаптар оқуға да уақыт тапты. Осылайша оның әдебиетке, кітапқа деген құштарлығы арта түскен еді. Қақаң-соқаңға бас бұрмай, өзінің оқушылық міндетіне жете ден қойғандықтан, мектепті үлгілі аяқтауға қол жеткізді. Анасы оның оқып-білім алуы қажет екеніне жіті мән беріп, Қарағанды қаласындағы Қазақстан-Ресей университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне барып бақ сынауға батасын беріп аттандырған. Жолы болып, студент атанған. Бұрыннан қалыптасқан қағидасы бойынша, жоғарғы оқу орында да білім мен оқуға ден қойған ол аталмыш университетті 2005-жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша бітіріп, қо-лына дипломын алған. Оқуды жақсы аяқтағасын мамандығы бойынша мұғлімдік қызметтен еңбек жолын бастапты.

Өз арнасымен аққан өмір оны болашақ жары Сайранмен таныстырды. Екі жас көңіл жарастырып, шаңырақ көтерді. Жолдасы Сайран әскери қызметші болғандықтан, 2010-жылы қызмет бабымен Приозерск қаласына қоныс аударуға тура келді. Кейде адамның ойға алған армандарын тағдырдың өзі басқа арнаға бұрып жіберетіні бар. Мұнда келген бойда К.Құрманбекова қалалық әкімдіктің ішкі саясат бөліміне аудармашы болып қызметке орналасыпты. Ал, 2010-жылдан бастап «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балалар бөлімінің кітапханашысы болып біржолата жұмысқа тұрған. Әу басындағы мұның жаны қалайтын ісі балалармен жұмыс жасау болғандықтан, бұл жер оған оң жамбасынан келген еді. Мамандығына да жақын. Көңілі де тоғайып, жаңа қызметіне тың талпыныспен кірісіп кеткен. Сыныптағы балалармен ұстаз ретінде жұмыс жасау мен кітапханаға келуші балалармен жұмыс істеудің өзіндік айырмашылығы барын да түсінді. Біреулері шынымен өзі қалаған кітапты іздеп келсе, жай ғана қызығушылықпен немесе жол-жөнекей соға салатын балалар да кездеседі. Кенжегүл келушілердің ешбірін алаламай, кітаптың рухани азық екенін, кітапты көп оқыған баланың дүниетанымы кеңейіп, болашақ өміріне жол сілтейтін таптырмас құрал екенін балаға түсінікті тілмен, байыппен ұқтыруға тырысады. Кейіншелік әлгі өткінші баланың оқырмандар қатарына еніп кететін кездері де көп кездеседі. Бұл да кітапханашы үшін аса қажетті қасиет.

Бүгінгі таңда балалар бөлімінің кітап қорында 14 мыңнан астам кітап болып, соның 4 мыңға жуығы қазақ тіліндегі кітаптар көрінеді. Қазақша кітап қоры жыл санап артып келеді екен. Әрине, бұл қуанарлық жағдай. Қазіргі кезде «балалар кітап оқымайты болды» деген пікірді жиі естиміз. Алайда, Кенжегүлдің пікіріне қарағанда, бұл жаңсақ пікір. Баланы кітап оқуға тарта, қызықтыра, түсіндіре білу керек секілді. Біздің байқауымызша, Кенжегүлдің бұл пайымы дұрыс екеніні анық. Балалар кітапханасының өзіндік ұстанған бағыт-бағдары мен мақсаты бар. Мәселен, кітапты насихаттау, оқырмандар арасында қоғамдық түсінік жұмыстарын тиянақты жүргізу. Балаларға өз мемлекетіміздің тарихы, өткен өмірі жайында түсінік беру, халқымыздың ақын-жазушыларын жүйелі түрде насихаттау. Елбасының халыққа жолдаған Жолдауларына насихат жасау. Жоспарланған әр тақырыпқа кітап көрмелері мен сөрелерін ұйымдастыру. Сонымен қатар олардың қатарын толықтырып, жаңартып отыру. Оқырмандарды кітапханаға тарту үшін ісшараларды тартымды, қызықты, көңілді өткізу арқылы оларды түрлендіру. Ісшараларды мектеп және үлкендер кітапханашыларымен, өнер және спорт мектебімен бірлесе отырып өткізу. Жылжымалы кітапхана және жылжымалы кітап көрмесімен жұмыс алып бару. Оқырмандардың талабын, сұранысын қаматамасыз ете отырып, кітапханадағы картотекалармен жұмыс жасау. Бұрын кітап алып, қайтармаған қарыз оқырмандармен үй-үйлеріне, мектепке барып және телефон арқылы байланыса отырып жұмыс істеу. Міне, осыншама жұмыстарды жүйелей отырып атқару оңай шаруа емес. Сырт көз оларды жұмысын кітапты тіркеп қолыңа беріп, қабылдап алып қалып отырумен ғана айналысатын шаруа ғой деп ойлайтын болса, қатты қателеседі. Бұндағы қазандай қайнап жатқан қызу жұмыстың жауапкершілігін ішкі асханасына кіріп көрсең ғана білесің.

Кенжегүл Тұяққызының өткен бес жыл ішіндегі елеулі еңбегі ескерусіз қалмапты. Өткен жылы Приозерск қалалық мәслихатының алғыс хатымен марапатталыпты. Кенжегүлге биылғы жыл қомақты олжасымен есте қалатын болады. Себебі, Қарағанды қаласындағы Абай атындағы балалар кітапханасының ұйымдастыруымен өткен облыстық жас кітапханашылар арасындағы «Жыл кітапханашысы – 2015» кәсіптік-шеберлік байқауында «Дәстүрлі емес кітап көрмелерінің тиімділігі» деген тақырыпта өз жобасын қорғап, алғыс хатқа ие болған. Бұлармен Кенжегүлдің марапаттары мен мадақтамалары тоқтап қалмайтынына сенеміз. Ол осы бес жыл ішінде көп нәрсені өзі де үйреніп, көкейіне тоқыған болса, қазір өзі де жас мамандарға жұмыс тәжірибесін үйретіп, кеңес беретін тәлімгерге айналды. Алланың Кенжегүлге берген ең үлкен сыйы мен ен байлығы, ол – өзінің айрандай ұйып отырған отбасы, тірегі болған жан жары және қос бүлдіршіні. Жолдасы Сайран Хасымов 44841 әскери бөлімінде келісімшарт бойынша әскери қызметші. Ақжолы мен Дінмұхаммеді олардың көзқуаныштары және ғұмырларын жалғастырушылары.

Қой жылының соңғы кейіпкері туралы жазған мақаламыздың әзірше нүктесі қойылғанымен, Кенжегүл Тұяққызының әлі алда алар асулары, қол жеткізер жетістіктері мен жеңістері, табыстарына нүкте қойылмасын деп тілейміз! Осындай жан-жақты, ізденімпаз, адам ретінде ибалы да, инабатты жандар арамызда көп болса екен деп тілейміз. Сондықтан К.Құрманбекова жайында әлі де жазатын мақаламыз немесе очеркіміз боларын да хақтан сұраймыз. Кенжегүлді және оның отбасын, әріптестерін кіріп жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Тек жақсылық жолдасың болсын!..

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**



*Жағымды жаңалық*

# ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕН АШЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың азық-түлік өнімдеріне деген бағаны тұрақтандыру және тұрғындарға, оның ішінде әлеуметтік аз қамтылған тұрғындарға қолдау туралы берген тапсырмасын орындау және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімідерінің бағасын тежеу мақсатында ағымдағы жылдың 19 желтоқсаны күні Приозерск қаласындағы Кисунько көшесінде орналасқан № 1Б тұрғын үйдің астыңғы қабатында әлеуметтік дүкен ашылды. Әлеуметтік дүкенге облыстық тұрақтандыру қорының өнімдері жеткізіліп отыратын болады. Аталған дүкеннен қала тұрғындары ет, көкөніс, жеміс-жидек пен бакалей өнімдерін нарықтық бағадан 15-20 пайызға төмен бағамен сатып ала алады.




**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі» ММ**



*Мақсат: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту*

*Цель: минимизация коррупционных рисков*

## ЗАҢДЫЛЫҚТЫ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ ЖИНАЛЫСЫ ТУРАЛЫ БАСПАСӨЗ АҚПАРАТЫ

*(Астана қаласы, 2015 жылғы 21 желтоқсан)*

Бас Прокурор Асхат Дауылбаевтың төрағалық етуімен Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің жиналысы болып, онда құқық қорғау органдарының жеке құрамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Мемлекеттік қызметкерлердің ар-намыс кодексін сақтау мәселелері талқыланды.

Отырыс жұмысына Үйлестіру кеңесінің мүшелері, Президент Әкімшілігінің, Премьер-Министр Кеңсесінің, сондай-ақ құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты.

Бас Прокурор күш құрылымдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және этикалық нормаларды сақтаудың маңыздылығына тоқталды. Сыбайлас жемқорлық қылмысының әрбір фактісі барлық құқық қорғау жүйесінің беделіне теріс әсерін тигізеді, оларға халықтың сенімін төмендетеді, - деді ол. Сондықтан әрбір ведомство осы бағыттағы жұмысты күшейтуі қажет және өз қатарларын құқық қорғау жүйесінің абыройына дақ салған қызметкерлерден тазарту бойынша түпкілікті және қатал шараларды қабылдаулары тиіс.

Үйлестіру кеңесінің мүшелері сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын тәуекелдерді азайтуға бағытталған жаңа мүмкіндіктердің тиімділігін атап өтті. Олар - құқық қорғау қызметіне орналасудағы полигрофологиялық зерттеуді пайдалану, автоматты түрде адамның қатысуынсыз ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің тізілімін кеңейту, жеке құрам арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы бойынша жұмыстың жай-күйіне басшылардың дербес жауапкершілігін күшейту және т.б.

Талқылау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық көріністерін ескерту және тосқауыл қою бойынша жұмысты жүйелі жүргізуге, мұндай қылмыстарды жасаған құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жазасыз қалмайтындығын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа заңнамалық және ұйымдастырушылық шаралар ұсынылды.

**Бас прокуратураның баспасөз қызметі**

## ПРЕСС-РЕЛИЗ О ЗАСЕДАНИИ КООРДИНАЦИОННОГО СОВЕТА ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ЗАКОННОСТИ, ПРАВОПОРЯДКА И БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

*(г. Астана, 21 декабря 2015 г.)*

Под председательством Генерального Прокурора Асхата Даулбаева состоялось заседание Координационного совета по обеспечению законности, правопорядка и борьбы с преступностью, на котором рассмотрены вопросы соблюдения личным составом правоохранительных органов антикоррупционного законодательства и Кодекса чести государственных служащих.

В работе заседания приняли участие члены Координационного совета, представители Администрации Президента, Канцелярии Премьер-Министра, а также правоохранительных органов.

Генеральный Прокурор отметил важность неукоснительного соблюдения сотрудниками силовых органов антикоррупционного законодательства и этических норм. Каждый факт коррупционного преступления негативно отражается на имидже всей правоохранительной системы, снижает доверие населения к ним, отметил он. Поэтому каждое ведомство обязано усилить работу в этом направлении, принять решительные и жесткие меры по очищению своих рядов от нечистоплотных сотрудников.

Членами Координационного совета отмечена эффективность нововведений, направленных на минимизацию коррупционных рисков. В частности, использования полиграфологического исследования при поступлении на правоохранительную службу, расширения перечня государственных услуг, предоставляемых в автоматическом бесконтактном режиме, усиления персональной ответственности руководителей за состояние работы по профилактике правонарушений среди личного состава и др.

По итогам обсуждения предложены новые законодательные и организационные меры, направленные на обеспечение системной работы по предупреждению и пресечению коррупционных проявлений, неотвратимости наказания за их совершение сотрудниками правоохранительных органов.

**Пресс-служба Генеральной прокуратуры**

*Новое в законодательстве*

## ПО ПРАВИЛАМ УПРОЩЁННОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА

Так, гражданские дела в порядке упрощенного производства рассматриваются судом по общим правилам искового производства, предусмотренным Гражданским процессуальным кодексом РК, с особенностями, установленными главой 13-1 рассматриваются судей единолично в месячный срок со дня принятия заявления к производству. Исходя из общих правил искового производства, при поступлении искового заявления в суд в пятидневный срок со дня его поступления судьей решаются вопрос о принятии его к производству и о порядке рассмотрения дела. В случае, если в иске заявлены требования о взыскании денег, размер которых не превышает для юридических лиц пятисот месячных расчетных показателей, для индивидуальных предпринимателей, физических лиц ста месячных показателей, либо если исковые требования, независимо от цены иска, основаны на документах, устанавливающих денежные обязательства ответчика (или) на документах, подтверждающих задолженность по договору, то оно подлежит рассмотрению судом в упрощенном порядке.

Внедрение в законодательство данного института, безусловно, является необходимым и целесообразным шагом на пути совершенствования судебно-правовой реформы, направленным на значительное сокращение сроков рассмотрения дел, обжалования решения суда, снижение уровня нагрузки для суда, достижение эффективного способа разрешения спора в сфере договорных правонарушений без вызова сторон в суд, что значительно уменьшает судебные расходы сторон.

Учитывая, что предварительное судебное заседание по делам вышеназванной категории не проводится, это требует от лиц, обращающихся в суд, более внимательно относиться к составлению самого искового заявления и к тем документам, которые к нему прикладываются.

Так как дела в порядке упрощенного производства рассматриваются судьей единолично без вызова сторон по истечении срока (пятнадцать рабочих дней) для представления отзыва (возражения), и в законодательном порядке специально не оговорено право суда о рассмотрении дел по представленным в суд копии документов, то возникают определенные затруднения при оценке таких доказательств, в порядке предусмотренным ст.77 ГПК РК, части их достоверности.

В этой связи истцам следовало бы прикладывать оригиналы документов, устанавливающих денежные обязательства и документы, подтверждающие задолженность по договору, либо надлежаще удостоверенные их копии.

При этом граждане и юридические лица должны знать, что стороны вправе представить в суд, рассматривающий дело, и направить друг другу документы, содержащие объяснения по существу заявленных требований и возражений в обоснование своей позиции, в установленный судом срок. Такие документы не должны содержать ссылки на доказательства, которые не были раскрыты в установленный судом срок.

Если отзыв на исковое заявление, отзыв на заявление, доказательства и иные документы поступили в суд по истечении установленного судом срока, они не рассматриваются и возвращаются лицами, их подавшим, за исключением случая, если эти лица обосновали невозможность представления указанных документов в установленный срок по причинам, не зависящим от них. О возвращении указанных документов суд выносит определение.

Суд исследует изложенные в представленных сторонами документах объяснения, возражения и (или) доводы лиц, участвующих в деле, принимает решение на основании доказательств, представленных в течение указанных сроков.

Решение по результатами рассмотрения дела в порядке упрощенного производства может быть обжаловано, опротестовано в суд апелляционной инстанции в срок, не превышающий пятнадцати рабочих дней со дня его принятия.

Знание и применение изложенных правил будет служить укреплению стабильности в обществе и достижению наиболее быстрого и эффективного разрешения спора.

**Э. А. Жакупова,**
***ведущий специалист***
***Приозерского городского суда***

## ЖҮРГІЗУШІЛЕР АДАМ ТАҒДЫРЫНА ЖАУАПТЫ ЕКЕНІН СЕЗІНБЕЙ КЕЛЕДІ

2015 жылдың 30 наурызында Приозерск қалалық сотында ҚР ҚК-нің 296 бабы 2 бөлімімен айыпталушы Ж-ға қатысты түскен қылмыстық іс қаралып, үкім шықты. ҚР ҚК-не 2014 жылы енгізілген өзгерістен кейін, оның іс-әрекеттері ҚР ҚК-нің 345 бабы 3 бөлімімен дәрежеленген, өйткені сотталушы Ж. жол – көлік қозғалысы ережесінің талаптарын бұзып, бір адамның өліміне әкеп соққан әрекеттерді жасағаны үшін оған 2 (екі) жыл 6 (алты) ай бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған және ол автокөліктерді жүргізуге байланысты белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқынан 3 (үш) жыл мерзімге айырылды. Сотталушы Ж. бір жыл ішінде 6 рет жол жүргізу ережесін бұзғаны үшін әкімшілік жазаға тартылған, соңғы рет ол әкімшілік жаза ретінде автокөліктерді жүргізу құқығынан айырылған, бірақ бұдан ол өзіне тиісті қорытынды жасамай, автокөлік жүргізіп, заң талаптарын бұзған. Сондықтан көлік жүргізуші азаматтар жол ережелерін бұзбай, заңмен белгіленген талаптарға мән беріп, мұқият болса жоғарыдағы айтылған қайғылы оқиғалардың алдын алып, болдырмауға болатындығын ескертетеміз.

**С.Ермекова,**
*Приозерск қалалық сотының бас маманы*

*Что нужно знать квартиросъемщику*

## ОСНОВАНИЯ ВЫСЕЛЕНИЯ

Законом Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года № 94 «О жилищных отношениях» в статье 85, установлены сроки сохранения жилища из государственного жилищного фонда или жилища, арендованного местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, за временно отсутствующими гражданами.

1.При временном отсутствии нанимателя (поднанимателя) или членов его семьи за ними сохраняется жилище из государственного жилищного фонда или жилища, арендованного местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, в течение шести месяцев.

2.Если наниматель (поднаниматель) или члены его семьи отсутствовали по уважительным причинам свыше шести месяцев, этот срок по заявлению отсутствующего соответственно продлевается.

3.Условия и случаи сохранения жилища из государственного жилищного фонда или жилища, арендованного местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, за временно отсутствующими гражданами на более длительный срок устанавливаются статьей 86 настоящего Закона.

В статье 86 вышеназванного закона указаны основания сохранения жилища из государственного жилищного фонда или жилища, арендованного местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, за гражданами:

1.Жилище из государственного жилищного фонда или жилище, арендованное местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, сохраняется за гражданами в случаях:

1)прохождения воинской службы в Вооруженных Силах Республики Казахстан либо в составе вооруженных сил, созданных с участием Республики Казахстан за ее пределами, - в течение срока службы;

2)выезда на работу по трудовому договору или в связи с избранием на выборную должность - в течение всего времени работы;

3)выезда за границу по основаниям, предусмотренным законодательными актами Республики Казахстан, - в течение времени пребывания за границей;

4)выезда на учебу - в течение времени обучения;

5)помещения детей на воспитание в детское учреждение - в течение всего времени их пребывания в этом учреждении, у родственников или опекуна (попечителя) - до достижения детьми совершеннолетия;

6)выезда в связи с выполнением обязанностей опекуна (попечителя) - на все время до прекращения этих обязанностей;

7)выезда на лечение - в течение времени нахождения на лечении;

8)заключения под стражу либо осуждения к лишению свободы или иной мере наказания, исключающей возможность проживания в данной местности, - в течение времени нахождения под стражей либо отбывания наказания. Лишение права на жилище из государственного жилищного фонда в этом случае может быть предусмотрено приговором суда.

1-1.Сохранность жилища детей-сирот, детей, оставшихся без попечения родителей, обеспечивается в соответствии с Законом Республики Казахстан "О правах ребенка в Республике Казахстан".

2.Право пользования жилищем из государственного жилищного фонда или жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, сохраняется за отсутствующим в течение шести месяцев со дня окончания сроков, указанных в настоящей статье.

Таким образом, законодатель четко и ясно определил и установил сроки проживания в жилищах из государственного жилищного фонда или жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде. При этом, основаниями для проживания в квартирах является единственно законный документ - договор аренды, который заключается с местным исполнительным органом в лице Акима г.Приозерск на основании решения жилищной комиссии при Акимате г.Приозерск либо по договорам найма, выданных государственными органами, которым предоставлено законом право на выдачу договоров найма с правом проживания работников в служебных квартирах. В связи с изложенным, в суд г.Приозерск поступают иски о выселении граждан из квартир, которые проживают в вышеуказанных квартирах по незаконным основаниям, по ордерам, которые были выданы до 1997 года наймодателем (местным исполнительным органом) или арендатором жилищ из РК , войсковой частью 03080 МО РФ одним лицам, которые после своего отъезда передавали другим лицам. Судом такие иски были удовлетворены, а ответчики были выселены из государственных квартир без предоставления им другого жилища.

Гражданам РК, проживающим на территории г.Приозерск и временно проживающим в жилищах из государственного жилищного фонда г.Приозерск, следует разрешить правовые основания и законность проживания в государственных жилищах, чтобы не быть подвергнутыми выселению. В связи с чем, наниматели квартир обязаны своевременно платить за предоставленные коммунальные услуги, за эксплуатацию, то есть надлежащим образом нести бремя содержания своих жилищ , чтобы у наймодателей не возникло право на предъявление исков в суд г.Приозерск с предметом об их выселении. В отношении лиц, покинувших город и выехавших из РК без сдачи квартиры арендатору или наймодателю, судом рассмативаются также иски о признания лиц утратившими право пользования жилищем из государственного жилищного фонда или жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде. В случае отказа освободить жилище поднаниматели (временные жильцы) по требованию нанимателя или членов его семьи подлежат выселению без предоставления другого жилища из государственного жилищного фонда.

**Э.Ж.Ахметова,**
***судья Приозерского городского суда***

# ВСТРЕЧАЕМ ГОД ОГНЕННОЙ ОБЕЗЪЯНЫ

Так сложилось, что прежде чем планировать, как встречать Новый 2016 год, все пытаются максимально угодить господствующей символике предстоящего года. В данном случае будет доминировать стихия огня, а покровительствовать грядущим годом – **Красная Огненная Обезьяна**.



Преобладающие цветовые оттенки 2016-го – красный, оранжевый, алый. Традиционно принято учитывать сложившееся символическое мировоззрение и делать все, чтобы угодить хозяину года, ведь только так можно зарядиться его положительной энергетикой на целый год!

Соответствовать символике должно все – гардероб, меню, домашний декор.

**Где отметить Новый год?**

На самом деле место новогоднего торжества, по большому счету, не имеет значения. Некоторым людям больше по душе теплая семейная обстановка, молодежь – предпочитает шумные компании, чтобы было весело и хватило положительных эмоций еще на год вперед.

Оставаться дома, заказывать столик в ресторане, выезжать за границу или отправляться в новогоднее турне – каждый решает сам для себя, отталкиваясь от своих предпочтений и возможностей.

Удачно встретить 2016 можно в любом месте, ведь радость и веселье создает не антураж, а




близкие нам люди, с которыми приятно проводить время.

Смело можно утверждать, что в Новый год переусердствовать с весельем сложно. Фейерверки, хлопушки, бенгальские огни, серпантины и брызги шампанского – в новогоднюю ночь они уместны и должны присутствовать по максимуму.

**Сервировка стола и новогоднее меню**

Раз в год можно себе позволить воссесть за трапезу, что называется, по-королевски. В отечественной традиции новогоднего празднования так и происходит – столы накрывают с особым шиком, дополняя любимое торжественное меню деликатесами и кулинарными изысками.

Не станет исключение и предстоящий год Обезьяны. Постарайтесь разнообразить меню



максимально натуральной и полезной едой. Капризному животному можно будет угодить большой тарелкой экзотических фруктов – купите ананасы, кокосы, бананы и апельсины в достаточном количестве, расположите их в большой тарелке на видном месте, якобы задобрив хозяйку года. И глаза радуются, и в любой момент можно съесть полезную еду.

Выбирайте роскошную посуду, делайте блюда яркими, украшая их красиво нарезанными фруктами и овощами. Чем больше насыщенных красок, тем аппетитнее и торжественнее стол.

Новогодняя ночь – это удачное время для экспериментов, но также не повод, чтобы вдаваться в крайности. Не стоит готовить чрезмерно много еды. Не жалует Обезьянка также жирную и тяжелую пищу, а вот овощные и фруктовые салаты, красная рыба и легкие десерты – придут ей по душе.

**Как украсить дом на Новый год Обезьяны**

Чтобы угодить настроениям господствующего животного постарайтесь украсить дом максимально ярко. Тем более что доминирующая



цветовая гамма очень этому способствует. Можете выбрать красивое, классическое сочетание цветов – красный и зеленый. Смотрится очень свежо и жизнерадостно, а самое главное не нарушает догмы символики!

Поставьте в доме елку – искусственную или натуральную. Она сразу же вызывает приятное предновогоднее настроение. Декорируйте зеленое дерево с помощью большого количества гирлянд, красивых елочных игрушек, бантиков и струящихся лент. Под елкой – разместите подарки.

Вспомните, настолько красив рождественс-



кий и новогодний декор в американских фильмах. А ведь такую сказку создать весьма просто, главное – желание.

Обязательно декорируйте окна и двери с помощью всевозможных новогодних аксессуаров. Это могут быть веночки из искусственных еловых веток, украшенные блестками, маленькими игрушками, декоративными бусами. Приветствуется все яркое, блестящее и разноцветное.

Расставьте в комнатах красивые свечи на высоких подсвечниках. Их также можно декорировать с помощью ярких бантов, игрушек и прочих зимних аксессуаров. Не лишними будут всевозможные фонарики и огоньки, которые будут очаровывать своим теплым светом на протяжении всех новогодних праздников.

Не бывает много гирлянд! Их можно повесить по всему периметру комнат. Ваши старания будут не напрасными – красивый яркий антураж непременно привлечет внимание символа года и принесет вам успех во всём!

Наверное каждый из нас с раннего детства ожидает приход Нового года с радостным нетерпением и предчувствием чего-то необычного, сказочного, с полной уверенностью в наступлении нового и прекрасного периода в своей жизни. Пусть же исполнятся в новогоднюю ночь все прекрасные и светлые пожелания, помогая сохранять в душе прекрасную веру в существование чуда!

С Праздником вас дорогие друзья!

**По материалам интернет-изданий РК**

## НОВОГОДНИЕ АНЕКДОТЫ

Два актера подрабатывают под Новый год Дедами Морозами. Один просит другого:
- Слушай, зайди к моей семье, поздравь их с праздником.
- А почему ты сам не можешь?
- Да я слишком дорого беру.

***

- Папа, угадай, какой поезд больше всех опаздывает?
- Какой, сынок?
- Тот, который ты обещал мне подарить еще на прошлый Новый год.

***

31 декабря, вечером подходит сын к маме и говорит:
— Давай, когда будет половина 12-ти закричим: Новый год! Новый год!
— Зачем это?
— А пусть наши соседи думают, что к нам Новый год раньше пришел.

***

Этот Дед Мороз все перепутал, - сказал призывник.
- А в чем дело? - спросил его товарищ.
- Пятнадцать лет назад перед Новым годом я просил его подарить мне военную форму. И вот только теперь я ее получил.

***

Праздник на новогодней елке. Детвора хором весело кричит: Елочка, зажгись! Елочка не зажигается. Дед Мороз со Снегурочкой призывают детей еще более дружно и громче воззвать к самовозгаранию хвои. Дети призывают, но тщетно. Видя такое дело, мальчик в белой рубашечке и галстуке в первом ряду, достав сотовый телефон, сообщает:
— Мам, я задерживаюсь — здесь елка не зажигается.


## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

**ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**

**Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81**
**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час.**
**Выходной - Понедельник**

**На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-771-699-32-89**




## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

**МАГАЗИН «МАГНАТ»**

**(бут.№ 7), расположенный на Центральном рынке, приглашает покупателей, желающих приобрести качественный товар по привлекательным ценам!**
**Только для Вас и только самые свежие модели популярных гаджетов, сотовых телефонов и аксессуаров к ним, а также различные электротовары и электроника!**
**Мы работаем с казахстанскими банками и предоставляем товары в кредит! На весь товар имеется гарантия!**
**Принимаем заказы на доставку электроники из Алматы.**
**Время работы:**
**пон.-субб.: с 10.30 до 18.00 час.**
**Воскресенье: с 10.30. до 17.00час.**
**Телефон: 8-701-554-15-54**




**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ **№ 51/436** Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru**

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*